

Өнербаева З.О.

**СТУДЕНТТЕРДІҢ БОЛАШАҚ КӘСІПТІК ІС - ӘРЕКЕТІМЕН
ХИМИЯНЫ ОҚЫТУ МАЗМҰНЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС – ХИМИЯЛЫҚ
БІЛІМ БЕРУДІҢ СТАНДАРТТАУ НЕГІЗІ**

Өнербаева З.О.

**БУДУЩАЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СТУДЕНТОВ
В СВЯЗИ С СОДЕРЖАНИЕМ ОБУЧЕНИЯ ХИМИИ – ОСНОВА
СТАНДАРТИЗАЦИИ ХИМИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтің Қазақстан халқына жолдауында «Біздің болашақтың жоғары технологиялық және ғылыми қамтымды өндірістері үшін кадрлар қорын жасақтауымыз қажет. Қазақстан жоғары оқу орындарының міндеті әлемдік стандарттар деңгейінде білім беру»[1] - деген болатын. Еліміздің болашағы – бүгінгі жастардың жан жақты білім алуына тікелей байланысты. Ертеңгі білікті маманның кәсіптік шеберлігі кәсіптік білім ордаларының қабырғасында қаланады. Осы тұрғыдан алғанда, жастарға кәсіби білім беру алдыңғы кезектегі өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Білім беру мазмұнын дамыту тенденциясының бірі стандарттау болып табылады. стандарттау болып масштабында біркелкі нормалар мен талаптарды бекітеді. Стандарттау ел ішінде біркелкі педагогикалық кеңістікті құру қажеттігіне байланысты туындады, себебі білім беру стандарт негізінде белгілі деңгейде қалыптасады. Осыған орай, білім берудің мемлекеттік стандарты жөнінде А. Абылқасымова [2], өз зерттеуінде былай дейді: «Оқу орындарындағы ең маңызды нормативті құжаттардың болып табылады, солардың негізінде жалпы және кәсіптік білім беру ісінің әрбір деңгейінің мазмұнына қойылатын талаптарды оқушылар мен тәрбиелеушілердің оқыту жүктемесінің көлемін, білім сапасын тексеретін мемлекеттік бақылау орындарының ережелері, оқу бағдарламаларының орындалғанын дәлелдейтін құжаттарды анықтайды.

В.С. Ледневтің пікірінше, білім беру стандарты – бұл мемлекеттік білім алу нормасына сай білім сапасын қабылдайтын басты параметрлер жүйесі, ол қоғамдық идеалды бейнелейтін және жеке бастық мүмкіндігін ескертетін, сонымен бірге, осы идеалға сай білім беру жүйесі [3].»

Білім беру стандарттарының «мектептегі химиялық білім беру жүйесі және мазмұнының бөліктері құрылымы» атты бөлімінде мектепте химиядан білім берудің үш құрамдас бөлігі барын

айтып келіп, заттың құрамы мен болшектері жөнінде білім беру арқылы дүниенің біртұтастығы жөнінде қозғалар тудырылады. Химиялық білім берудің бірінші даярлық компонентінде «зат» бөлімі бар. Оның мазмұн желісі заттың құрамы, заттардың қасиеттері, заттардың жіктелуі; ал мазмұны: кейбір минералдар, тау жыныстары, топырақ, пайдалы қазбалар туралы мағлұматтар; таза заттар және қоспалар, ауа, ауаның құрамы, тыныс алу және тану процесіндегі ролі, су, оның физикалық қасиеттері, табиғатта айналымы мен ролі, еріткіштігі сияқты мағлұматтардан тұрады.

Қазіргі кәсіптік мектептің педагогы еңбегінің тиімділігі оның педагогикалық даярлығының мазмұнына, университеттегі, іскерліктері мен тұлғалық сапаларына тікелей байланысты.

Жалпы білім беретін реформалардың негізгі бағыттары болашақ маманды даярлауды жетілдіру мақсатында студенттердің оқу еңбегі мен педагогикалық практикасын әлде – қайда сапалы және тиімді ұйымдастырудың қажеттігі аргументі.

Осы мақсатта біз 050112 – «химия – биология» мамандығының мемлекеттік стандартын негізге алдық.

Жоғары білім берудің мемлекеттік стандарты – бұл білім берудің міндетті және ең қажетті минимал мазмұны мен жоғары оқу орындарындағы мамандар дайындау деңгейіне қойылатын және Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі сәйкес.

Білім беру мазмұнын дамыту тенденциясының бірі стандарттау болып табылады. стандарттау мемлекет масштабында біркелкі нормалар мен талаптарды бекітеді. Стандарттау ел ішінде біркелкі педагогикалық кеңістікті құру қажеттігіне байланысты туындады, себебі білім беру стандарт негізінде белгілі деңгейде қалыптасады.

Білім беру стандарты негізгі негізгі нормативті құжат болып саналады, әрі ол білім беру мазмұнын, деңгейі мен формасын, өлшеу формаларын, оқыту әдістері нақтылайды және дамытады. Стандарт қоғамның даму

перспективасына сай, білім беру саласында нақты білім беру деңгейін қалыптастыруға әсер етеді.

В.С. Леднев басқарған ғылыми ұжым мемлекеттік білім беру стандартын құрудың төмендегідей принциптерін ұсынады:

- әлеуметтік – мәдени орта күйін талдап және білім алуға қажеттілік пен білім беру жақтарының мүмкіндігін анықтау;
- білім беру стандартының сатысы мен саласындағы сабақтастық пен келусішілік;
- білім беру стандартының сатысы динамикалығы (оны жетілдіру мүмкіндігі);
- білім беру стандартын жоғары технологиялық құралдармен тексеру мүмкіндігі.

Дегенмен, білім беру дүйесінде демократиялы дәрежедегі стандарт маңызды көрсеткішке ие мемлекеттік органдар минималды білім беру деңгейіне қойылатын талаптарды айқындайды. Білім беру мазмұнындағы белгіленген нормадан жоғары талаптарды білім беру мекемелерінің құзырлы органдары белгілейді.

Жалпы орта білім беру бойынша мемлекеттік стандарттар үш деңгейде көрінеді: федеральды, ұлттық –региональды, мектептік оларды жеке-жеке ашып көрсетсек.

Федеральды компонент – біркелкі педагогикалық кеңістікті құрайтын әрі жеке адамды дүние жүзі мәдениетіне сай интеграциялау болып саналады.

Ұлттық – региональды компонент – ана тілі мен әдебиет, тарих, география, өнер, еңбекке дайындау және дайындау және т.б. бойынша білім беру нормаларын қамтиды. Мектеп компоненті – білім беру мазмұны, білім беру мекемесінің бағыты мен өзіндік ерекшелігін айқындайды.

Е.У. Медеуов [4] өз еңбегінде жалпы және орта білім беру стандарттарының мынадай функцияларын жіктейді: әлеуметтік реттеу функциясы, білім беруді демократиялау және

гуманизациялау функциясы, оқытуды бақылау функциясы, білім беру сапасын арттыру функциясы. Аталған әрбір функция бір – бірімен өте тығыз байланысты.

Қазіргі стандарт талаптарының басты үш функциясын атап өтуге болады. Олар:

Біріншісі – кәсіби дайындық алып, оқу бітірген соң маманның жұмысқа алынуы бойынша экономика саласы арасындағы байланыс.

Екіншісі – дипломды басқа ел дипломдарымен салыстыруды қамтамасыз ету.

Үшіншісі – Европалық Одаққа мүше елдерінде мақұлданатын білікті (классификациялы) разрядына сай болуын қамтамасыз ету. Яғни Европа елдеріндегі кәсіптік оқытуға қойылатын талаптармен салыстыру мүмкіндігі.

Қазақстан республикасының жалпыға бірдей білім беру “Білім беру” Заңына сәйкес Жалпыға міндетті білім беру стандарты, Білім беру минимумымын, бітірушіге қойылатын талаптар минимумын және оқытудағы оқу жүктемесінің максимумын бекітеді деп көрсетілген. Сонымен қатар елімізде білім жүйесін дүниежүзілік үлгіге сәйкес жетілдіру зерттеуді қажет ететін мәселелердің бірі Педагогикалық әдебиеттерде мемлекеттік стандарт – бұл білім берудің ең минималды деңгейі, әрі оған еліміздің барлық азаматтарды дайындау мемлекеттің міндеті деп түсіндіріледі.

Х.Ф. Рашидов [5] бүгінгі уақытта білім беруді реформалауды және білім беру саласында халықаралық қатынастықты дамытуды стандарттау құралдарды мен әдістерін қолданбай іске асыру мүмкін емес дейді. Білім беру стандарты оқу процесін біркелкі ережелерге сәйкес ұйымдастыруға көмек көрсетеді.

Х.Ф. Рашидов өз зерттеуінде кәсіптік білім беру стандартының негізгі компоненттеріне мыналарды жатқызады: Мамандық бойынша жұмыс атқару, оқу ерекшелігі, бағалау ерекшелігі, Еңбек іс-әрекетіне қажетті ептілік пен негізгі дағды, Тиімді еңбек іс-әрекетін атқаратын, оқу компоненттерінің минималды мазмұны, Оқу нәтижесін бақылау әдістері (сурет 1).



Сурет – 1 – Кәсіптік білім беру стандартының компоненттері

Бірақ білім беру мекемелерінде шығармашылық инициатива мен еркін таңдауға шек қойылғанымен, жеке оқушылардың сыртқы және ішкі білім беру ортасындағы өзгерістерге белсенді қатынасуына шек қойылады. Мемлекеттік білім беру стандартты өзінің құрылымы мен мазмұнына сай, жаңа нормативті құжаттар жүйесі болып табылады. сондықтан алдымен ғылыми тұрғыда стандарттың құрылымы мен мазмұнын дәлелдеу және оны дайындау маңызды мәнге ие.

Стандарттар кәсіптік оқытуда басты, әрі шешуші рөл атқарады. Мемлекеттік білім беру стандарттарына мазмұны мен сапасы оған қойылатын талаптар жөнінде көптеген еңбектерді басшылыққа алуды қажет етеді.

Олар: дәрежесіне қарай бекіткен нормативті құжаттарда бейнеленетін жалпы талаптар жиынтығы.

Стандарт ұғымы (ағымы – *standart*) мөлшер, үлгі, өлшеуіш мағынасымен білдіруі стандарттың негізгі қызметі – адамдардың қарым – қатынасы мен іс - әрекетін қоғам талаптарын қанағаттандыратындай белгілі бір қасиеттері мен сапасы бар өнім шығаруға бағыттап ұйымдастыруға саяды [2].

Қазіргі білім беру ұйымдарындағы химиялық білім беру жүйесі мынадай бөліктерден тұрады:

- мемлекеттік білім беру стандарттарын мектепке енгізу проблемасы – химия оқу пәнінің стандартынан;
- қазіргі мектепке арналған химия пәнінің бағдарламалары мен оқулықтарының мазмұны мен құрылымынан;

Осыған қарап проблеманың өзектілігін байқауға болады. Жалпы білім берудің мазмұнын анықтауда іріктеу принциптерімен, критерийлерімен қатар *мемлекеттік, білім беру стандарты* да сенімді бағыттаушы рөл атқарады.

Осыдан барып, білім беруді стандарттау қажеттілігі анықталауы. Олар:

- білім беретін әртүрлі (мемлекеттік, жалпы білім берудің ортақ деңгейін аумағында біртұтас білім беру кеңістігін құру);

- Қазақстанның әлемдік мәдениет жүйесіне енуге деген ұмтылысы, яғни жалпы білім беруді қалыптастыруда осы саладағы халықаралық білім беру практикасының жетістіктерін ескеруді талап етеді.

Стандарт жасаудағы мақсат – адамдардың қарым - қатынасы мен қызметін қоғам қажеттіліктерін қанағаттандыратын қасиет - сапаларға ие өнімді өндіруге бағыттайтын етіп ұйымдастыру әрі реттеу. Біздің елімізде білім беру стандарты Қазақстан Республикасының “Білім туралы” заңын нақтылайтын негізгі нормативтік құжат және деңгей сияқты сипаттамаларын нақтылып, білім беру нәтижелерін өлшеу мен түсіндірудің әдіс – тәсілдеріне нұсқайды.

Стандарттың Қазақстан Республиканың 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 “Білім туралы” заңына сәйкес мағынасы / Заңның 56 – бабының 1 – тармағында көрсетілген.

Қазақстан Республикасында әрбір білім беру деңгейі бойынша:

- білім беру мазмұнына;
- білім алушылар мен тәрбиелеушілердің оқу жүктемесінің ең көп көлеміне;
- білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын жалпы талаптардың жиынтығын айқындайтын білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары белгіленеді.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Концепция информатизации образования // Информатика и образование. – 1990. - №1. – с. 3-10.
2. Абылкасымова А. Позновательная самостоятельность в учебной деятельности студента. Учебное пособие. – Алматы, Санат, 1998. – 160 стр.
3. Лендев В.С. Содержание общего среднего образования: Проблемы структуры. М.: Педагогика. 1980. 264с.
4. Кузьмина Н.В. Методы исследование педагогической деятельности. – Л.: Изд-во Ленингр. Ун – та, 1970. – 114 с., с 38.
5. Х.Ф. Рашидов Реализация принципа профессиональной направленности обучения в вузе средствами профилизации общенаучных дисциплин: автореф. дис...п.наук. – Казань, 1988. – 16 с.

Рецензент: д.пед.н., профессор Сияев Т.